

**2025 жылғы «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелері қызметіндегі
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау нәтижесі туралы
№2 сараптамалық анықтама**

Алматы қ.

«18» мамыр 2026 ж.

КІРІСПЕ

2025 жылғы «БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – Қор) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі сараптау жүргізу негіздемесі – Қордың Басқарма Төрағасының 2026 жылғы 19 қаңтардағы №36 бұйрық (бұдан әрі – №36 бұйрық).

№36 бұйрықтың №1 қосымшасы 2026 жылғы «БЖЗҚ» АҚ орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің және филиалдарының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі сараптау жүргізу кестесіне (бұдан әрі – Кесте) сәйкес 2026 жылғы 2-тоқсандағы сараптау 2025 жылғы Қордың мынадай бөлімшелері мен филиалдарының (бұдан әрі – Бөлімшелер) қызметін қамтыды:

1. Сатып алу департаменті (СД).
2. Инфрақұрылымды дамыту және қолдау департаменті (ИДҚД).
3. Сапаны бақылау басқармасы (СББ).
4. Төлемдерді ұйымдастыру және хабарландыру департаменті (ТҰХД).
5. Жұртшылықпен байланыс департаменті (ЖБД).
6. «БЖЗҚ» АҚ Атырау облыстық филиалы (Атырау ОФ).
7. «БЖЗҚ» АҚ Шығыс Қазақстан облыстық филиалы (ШҚОФ).
8. «БЖЗҚ» АҚ Жамбыл облыстық филиалы (Жамбыл ОФ).
9. «БЖЗҚ» АҚ Батыс Қазақстан облыстық филиалы (БҚОФ).

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасы (бұдан әрі – СКБ) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі сараптауды (бұдан әрі – СЖТІС) *Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі сараптауды жүргізудің үлгілік қағидасына, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі) төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі сараптау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарға (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) сәйкес жүргізді.*

ҚОР БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДЕГІ, ІШКІ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ

Бөлімшелердің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде (бұдан әрі – НҚА) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің құралуына ықпал ететін нормалар табылған жоқ.

2023 жылы СКБ жүргізген 2022 жылғы «БЖЗҚ» АҚ-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау аясында Басқарма Төрағасының 15.02.2023 ж. №168 бұйрығына сай сараптауға ұсынылған ішкі нормативтік құжаттардың (бұдан әрі – ІНҚ) барлығы (200-ден астам) қаралды; анықталған нормативтік тәуекелдер мен ұсынымдар тиісті №№1-4 сараптамалық анықтамаларда және іс-шаралар жоспарларында баяндалды; барлық ұсыныстар орындалды.

Сонымен қатар СКБ 2023, 2024, 2025 жылдары ағымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама аясында Бөлімшелер ұсынған Қордың ІНҚ, ІНҚ-ға өзгерістер/толықтырулар жобаларының барлығын қарады. Осылайша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы жұмыстың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыруға ықпал етпейтін нормативтік тәуекелдерді жою бойынша СКБ ұсынымдарының барлығы қабылданды.

Сарапталған НҚА және ІНҚ тізбесі осы сараптауға 1-қосымшада көрсетілді.

ҚОР БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ ҰЙЫМДЫҚ-БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ

1. Қызметкерлерді басқару:

1) біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін тұлғаларды Бөлімшелерге жұмысқа қабылдау деректері жоқ;

2) бос жұмыс орындары туралы мәліметтер: *«бос жұмыс орнының болуы, біліктілік талаптары, қажетті құжаттар тізбесі, іріктеудің әртүрлі кезеңдеріне жіберілген адамдар туралы ақпаратты орналастырмау, уақытылы және/немесе толық орналастырмау»* сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторы бойынша төмендегілер анықталды.

ҚР Әлеуметтік кодексінің 103-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сай жұмыс беруші мемлекеттік қызметшілердің, сайланатын мемлекеттік лауазымдардың, Парламент және мәслихаттар депутаттарының, Қазақстан Республикасы судьяларының, әскери қызметтегі адамдардың, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдары мен мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен оның ведомстволары, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган қызметкерлерінің бос лауазымдарын қоспағанда, еңбек жағдайы мен ақысын көрсетіп, бос жұмыс орнының болуы туралы мәліметтерді олар пайда болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Электрондық еңбек биржасында орналастыруға міндетті.

Басқарманың 14.03.2025 ж. №14 хаттамасымен (бұдан әрі – Нұсқаулық) бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да кадрлық іс жүргізу нұсқаулығына сәйкес:

- еңбек ұтқырлығы орталықтарымен (мансаптық орталықтармен) жұмыс істеу Қызметкерлерді басқару департаментінің (бұдан әрі – ҚБД)/филиалдардың қызметкерлер бойынша жетекші мамандарының «Электрондық еңбек биржасы» мемлекеттік ақпараттық порталында бос жұмыс орындарының болуы туралы мәліметтерді еңбек жағдайлары мен ақысын көрсете отырып, олар пайда болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастыруды қамтиды (98-тармақтың 2) тармақшасы);

- бос жұмыс орындарының болуы туралы мәліметтерді уақытылы орналастыруға, ОА бойынша өңірлік еңбек ұтқырлығы орталықтарына (мансаптық орталықтарға) мәліметтерді уақтылы ұсынуға ҚБД жауапты қызметкері және ҚБД Кадрлық басқару бөлімшесінің басшысы жауапты болады; филиалдар бойынша бос жұмыс орындарының болуы туралы мәліметтерді уақытылы орналастыруға филиалдардың қызметкерлер бойынша жетекші мамандары, әкімшілік бөлімдерінің бастықтары және директорлары жауапты болады (98-тармақтың екінші және үшінші бөлімі).

Филиалдар тарапынан орын алған бұзушылықтардың алдын алу мақсатында (2023 жылғы Сараптамалық анықтамаларда баяндалған) СКБ қосымша шара ретінде 26.07.2024 ж. ҚБД-ға және Қор филиалдарына:

- Нұсқаулықтың жоғарыда көрсетілген нормаларын тиісінше орындау және жауапты қызметкерлердің алдағы СЖТІС аясында СКБ-ге ұсыну үшін бос жұмыс орындарының жариялануына қарай Электрондық еңбек биржасында (enbek.kz сайтында) бос жұмыс орындарын орналастыру скриндерін дайындауын қамтамасыз ету туралы қызметтік жазба жолдады. Бос орын мен жұмыс орнының атауын дұрыс баяндау қажеттілігіне қосымша ескерілді;

- enbek.kz және қызметкерлерді іріктеудің ашықтығын қамтамасыз ететін басқа сыртқы көздерден (hh.kz, өңірлік сайттар және басқа көздер) келіп түскен түйіндемелерді тиісінше талдауды және оларды ҚБД/филиалдың кадрларды іріктеу кезінде есепке алуын қамтамасыз ету туралы қызметтік жазба жолдады.

Сонымен қатар 04.03.2025 ж. және 26.01.2026ж. СКБ филиалдарға қызметкерлер бойынша жетекші мамандардың Электрондық еңбек биржасына жаңадан құралған бос жұмыс орны туралы мәліметтер орналастыру қызметін және басқару бөлімдерінің бастықтары мен филиалдар директорларының есепті тоқсанда құралған бос жұмыс орнының «Электрондық еңбек биржасы» порталында жарияланған күні көрсетілген скриндер қоса берілген ақпаратты ҚБД-ға және СКБ-ға

есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-ынан кешіктірмей ұсыну арқылы көрсетілген үдерісті тиісті бақылауын ретке келтіру мақсатында қызметтік жазбалар жолдады.

Сонымен қатар, ағымдағы сараптау аясында еңбек шартының тоқтатылуына/бақа лауазымға ауыстырылуына байланысты электрондық еңбек биржасында бос жұмыс орындарын уақытылы орналастырмаудың 9 дерегі анықталды:

Ағымдағы жылдың 1 тоқсанында СКБ жүргізген СТИТ нәтижелері бойынша ҚБД басшысына бақылауды күшейту туралы ұсыныс берілгені, сондай-ақ Электрондық еңбек биржасында жаңадан құралған бос орын туралы мәліметтерді орналастыру бойынша қызметкерлер бойынша жетекші мамандардың қызметін және көрсетілген үдерісті филиалдардың директорлары мен әкімшілік бөлімдерінің бастықтарының тиісті бақылауын ретке келтіру мақсатында СКБ 26.01.2026 ж. филиалдарға жіберген қызметтік жазба ескеріліп ұсыныс берілмейді.

3) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 04.09.2024 ж. №73 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ қызметкерлерін қабылдау және бейімдеу қағидасының (бұдан әрі – Қабылдау қағидасы) 9-тармағына сәйкес кәсіби тестілеуді өткізу талаптары осы ІНҚ-да көрсетілген тұлғаларды қоспағанда, барлық үміткерге қолданылады. Бөлімшелер 2025 жылы үміткерлермен өткізілген кәсіби тестілеу нәтижелерін СКБ-ге ұсынды («Битрикс» КП-да кәсіби тестілеу нәтижелерін түзету мен жоюдың мүмкін болмауын қамтамасыз ету Қабылдау қағидасында айқындалған мерзім ішінде оларды сақтай отырып, «Битрикс» КП-де кәсіби тестілеу нәтижелерін түзету және жою мүмкін болмауын қамтамасыз ету юойынша пысықтау ескеріліп, - 13.06.2024 ж. Басқарушы директор Жұмыстарды аяқтау және өнеркәсіптік пайдалануға қабылдау туралы актіні бекітті, - бұл іс-шара Қордың Басқарма төрағасының 19.02.2024 ж. №181 бұйрығымен бекітілген 2023 жылғы «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелерінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша іс-шаралар жоспарына (№1 сараптамалық анықтама) сай орындалды). Тестілеу рәсімінен өтпей қалған адамдарды қабылдау деректері анықталған жоқ. Сонымен қатар, мыналар анықталды. Жамбыл ОФ-дағы лауазымға кандидаттардың кәсіби тестілеуден өту нәтижелері Битрикс жүйесінде көрсетілген кандидаттар емес, қызметкерлер бойынша жетекші маман тапсырған сияқты көрсетіледі. Ақпараттық жүйелер департаментінің түсіндірмесіне сай бұл Битрикс жүйесіндегі іркіліске байланысты болды. **Осыған байланысты Ақпараттық жүйелер департаментіне Жамбыл ОФ-дағы лауазымнан үміткерлердің кәсіби тестілеуден өтуі кезінде Битрикс жүйесіндегі қатені/іркілісті талдауды жүзеге асыру және осындай жағдайларға жол бермеу мақсатында шаралар қолдану ұсынылады.**

4) сыбайлас жемқорлық қылмысын жасау туралы мәліметтердің болуы немесе болмауы туралы анықтама бермеген тұлғаларды жұмысқа қабылдау туралы мәліметтер – 2025 жылы Бөлімшелерге жұмысқа қабылданған қызметкерлер саны – 38 қызметкер, барлық кандидат бойынша сыбайлас жемқорлық қылмысын жасау туралы мәліметтердің болуы немесе болмауы туралы анықтама бар;

5) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 28.12.2018 ж. №98 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Кадр мәселелері жөніндегі комиссиясы туралы ереженің (бұдан әрі – Ереже) 4-ші және 9-тармақтарына сәйкес:

- «БЖЗҚ» АҚ Кадр мәселелері жөніндегі комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) – Ережеде және Қордың басқа ІНҚ-да айқындалған өкілеттіктер аясында Қордың ішкі кадр саясатын іске асыратын Қордың тұрақты жұмыс істейтін алқалық органы;

- Комиссияның негізгі міндеті – Қордың бос лауазымдарына орналасу мәселелерін қарау.

Бөлімшелерге жұмысқа қабылданған барлық кандидаттар бойынша Комиссия отырыстарының 38 хаттамасы ұсынылды, бұл ретте мынадай сәйкессіздік анықталды. «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 04.09.2024 ж. № 63 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ қызметкерлерді қабылдау және бейімдеу қағидасының 20-тармағына сай кандидат келісудің және тестілеудің барлық кезеңдерінен сәтті өткен кезде жауапты бөлімше/ филиалдардағы қызметкерлер бойынша маман қабылданатын кандидат **құжаттарының толық топтамасын** (түйіндеме, тестілеу

нәтижелері, жеке куәліктен қажетті деректер, **тұлғаның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер**) ЭҚЖ арқылы Комиссияның қарауына ұсынады және осы Қағиданың 3-қосымшасына сай нысан бойынша хаттамамен ресімдейді. Сонымен қатар, хаттама жасалған сәтте Кадр мәселелер жөніндегі комиссиялар отырыстарының 22 хаттамасында адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер жоқ (Атырау ОФ – 4 хаттама, ШҚОФ – 11 хаттама, Жамбыл ОФ – 6 хаттама; БҚОФ – 1 хаттама).

Ағымдағы жылдың 1-тоқсанында СКБ жүргізген СТІС нәтижелері бойынша ҚБД-ға филиалдардың қызметкерлер бойынша мамандарымен және әкімшілік бөлімдерінің бастықтарымен (норманың орындалуын бақылауды қамтамасыз ету үшін) тиісті оқыту жүргізуге ұсыным берілгені ескеріліп, ұсыным берілмейді.

6) тексерілетін Бөлімшелердің қызметкерлеріне қолданылған тәртіптік жаза шаралары – 8; мерзімінен бұрын алынған тәртіптік жаза шараларының саны – жоқ.

7) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған немесе бұзуға жол берген, жеке немесе заңды тұлғалардың құқықтарын бұзған немесе бұзуға жол берген тұлғаларға тәртіптік сипаттағы шаралар қолданбау туралы ақпарат – тәртіптік жазаны қолданбаудың 2 дерегі анықталды.

Бұл ретте бөлімшелер жұмылдырылған қызметкерлермен оқыту өткізу түрінде осындай жағдайларға жол бермеу жөнінде алдын алу шараларын қолданды.

Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған кезде тәртіптік жазалар қолданбаудың алдын алу мақсатында 08.05.2026 ж. СКБ Қордың Орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен сұқбат жүргізді, сондай-ақ **ҚБД-ға тәртіптік жаза шараларын оңтайландыру мақсатында өзгерістер енгізу мүмкіндігі тұрғысынан «БЖЗҚ» АҚ қызметкерлеріне тәртіптік жазалар қолдану қағидасының нормаларына талдау жүргізу ұсынылады.**

8) сараптау аясында Бөлімше қызметкерлеріне берілген 77 сенімхат қаралды, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері табылған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау қорытындысы бойынша анықталған Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдар тізбесі осы сараптауға 2-қосымшада көзделген.

2. Мүдделер дауын реттеу:

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 11.05.2023ж. № 6 шешімімен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа сәйкес:

- лауазымды тұлғалар, Уәкілетті тұлғалар және қызметкерлер өздерінің кәсіби қызметінде мінез-құлық нормаларын қатаң сақтауы, атап айтқанда, мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық міндеттерін жүзеге асырмауы тиіс (12-тармақтың 8) тармақшасы);

- Уәкілетті тұлғалар өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде Қор мүддесін басшылыққа алуға және олардың жеке мүддесі Қор мүддесіне қайшы келетін жағдаяттардан немесе жағдайлардан аулақ болуға міндетті (25-тармақ);

- мүдделер қақтығысы туындаған (немесе оның туындау мүмкіндігі) жағдайда, Уәкілетті тұлғалар *«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 28.04.2017ж. №3 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясатына сәйкес* тәртіппен және мерзімдерде мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашуға міндетті. Мүдделер қақтығысын басқару саясатында көзделген мүдделер қақтығысының алдын алу, анықтау және реттеу шаралары мен тәсілдері толық сипатта болмауы тиіс, себебі әрбір нақты жағдайда қалыптасқан мүдделер қақтығысының ерекшелігіне, мүдделер қақтығысын реттеу мақсаттарына қолданылатын шаралардың сәйкестік дәрежесіне қарай мүдделер қақтығысын реттеудің басқа нысандарын пайдаланылуы мүмкін (26-тармақ).

2025 жылы Уәкілетті тұлғаларда мүдделер дауының деректері **анықталған жоқ.**

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету:

Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен құралған зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша Қор қызметтері Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік қызметтер тізіліміне енгізілген.

11.10.2018 ж. бастап зейнет жасына толған тұлғалар Қордан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алу мақсатында «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-ға жасына қарай зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін және Қордан зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы бірыңғай өтінішті Мемлекеттік корпорация «бір терезе» қағидаты бойынша көрсететін композиттік қызмет аясында береді.

Осы СКБ сараптауының аясында мемлекеттік қызметтерге қатысты 4 шағым қаралды, олар расталған жоқ. 2025 жылы сарапталған филиалдар көрсеткен «БЖЗҚ-дан МЗЖ, МКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру» мемлекеттік қызметтерінің саны 17319 болды.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру:

Қор рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайды.

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру:

Қор бақылау-тексеру функцияларын жүзеге асырмайды.

6. Қаржылық қаражатты игеру және бөлу:

1) «БЖЗҚ» АҚ қызметін және стратегиялық даму жобаларын қамтамасыз ету үшін бюджетті (қаржылық жоспар) және күрделі шығыстар жоспарын әзірлеу, бекіту, түзету және бақылау тәртібі және жауапкершілік «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 31.03.2025ж. №51 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ бюджетін (қаржылық жоспар) мен күрделі шығыстар жоспарын әзірлеу, бекіту және бақылау нұсқаулығымен анықталған. Бұл ІНҚ-да:

- шығасының нормаланатын баптарының тізбесі, оларды есептеу тәртібі, шығасының нормаланатын баптары бойынша нормалар мен нормативтер мөлшері;

- бюджеттің орындалуы туралы есеп (қаржы жоспарын) және күрделі шығыстар жоспарын жасау;

- жоспарланатын жылға шығысты жоспарлау белгілері көзделген.

2026 жылға Қор бюджеті Қор Басқармасының 02.12.2025ж. №64 хаттамасымен бекітілді.

ИДҚД бюджеттік өтінімінің уақытылы ұсынылмағаны анықталды

2) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 07.06.2023 жылғы № 40 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидасына сәйкес болу мақсатында Қорда тәуекелдерді басқару жүйесі жұмыс істейді, тиісті ІНҚ қабылданды (Директорлар кеңесінің 13.06.2023 ж. №8 шешімімен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ тәуекелдерді басқару саясаты, Басқарманың 07.11.2024ж. №78 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да негізгі және операциялық тәуекелдерді басқару қағидасы, Директорлар кеңесінің 19.07.2024ж. №12 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ алаяқтық тәуекелін басқару саясаты және басқа да ІНҚ).

Басқарма тоқсан сайын ТМД-дан тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптарды сақтау (пайдалану) туралы, тәуекелдер картасы туралы ақпаратты, Қордың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге негізгі тәуекелдердің әсерін сараптау туралы, тәуекелдерге орай әрекет ету (тәуекелдерді барынша азайту) бойынша іс-шаралардың орындалуы және «БЖЗҚ» АҚ меншікті активтері бойынша тәуекел сыйымдылығының және тәуекелге төзімділік деңгейін сақтауға мониторинг жүргізу нәтижелері туралы мәліметтерді; Тәуекелдерді барынша азайту бойынша іс-шаралар жоспарын/ Тәуекелдерді барынша азайту бойынша іс-шаралар жоспарының

орындалуы туралы есепті; Операциялық тәуекелдер бойынша сараптамалық жазба (тәуекелдер бойынша есептер) алады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ағымдағы сараптау аясында СКБ сыбайлас жемқорлық сипатындағы тәуекелдер тіркелмеген 2025 жылғы Тәуекел оқиғалар журналының Бөлімшелерге қатысты деректерін пайдаланды;

3) Қорда Ішкі аудит қызметі бар, ол «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесі бекітетін ішкі аудиттің жылдық жоспарына сәйкес аудиторлық тексерулер жүргізеді және олардың дайын болуына қарай Қор Басқармасына Қор қызметіндегі кемшіліктер туралы тұжырымдар мен жақсарту бойынша ұсынымдарды қамтитын тексеру нәтижелері бойынша есептер ұсынады. Аудиторлық тексерулер нәтижесі бойынша есептердің деректері 2023, 2024, 2025 жылдар ішінде тұрақты түрде СКБ-ге берілді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау кезінде пайдаланылды, бұл ретте сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері бар қандай да бір бұзушылықтар анықталған жоқ;

4) тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді (бұдан әрі – ТЖҚ) сатып алуды Қор Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қағидаларына (бұдан әрі – ҚРҰБ сатып алу қағидасы), Басқарманың 09.01.2024 ж. №2 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді электрондық сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидасына (бұдан әрі – Қордың сатып алу қағидасы), Басқарманың 10.06.2020 ж. №43 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да азаматтық-құқықтық шарттарды/келісімдерді әзірлеу, келісу, қол қою, тіркеу, бұзу және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру нұсқаулығына сәйкес жүзеге асырады.

«БЖЗҚ» АҚ Басқарма Төрағасының 10.12.2025ж. №575 бұйрығымен бекітілген 2026 жылға тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу жоспары БЖЗҚ интернет-ресурсында және ҚРҰБ сатып алу порталында орналастырылған.

Тауар бірлігі бағасының негізсіздігіне, сатып алу бойынша тауарлардың нарықтық құнының жоспарланған құнына сәйкес келмеуіне, Бөлімшелерге бекітілген сметалық тағайындауларға байланысты тәуекелдер анықталған жоқ.

«Сатып алуды бәсекелес жеткізушіге тиесілі ететін техникалық ерекшеліктерде «қайрау» деп аталатын сипаттамалардың болуы; «мемлекеттік аудит органдары тарапынан камералдық бақылау нәтижелері бойынша сатып алуды қайта қарау немесе күшін жою деректерінің болуы» индикаторлары бойынша Қорға қатысты төмендегілер белгіленеді. «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 28.10.2022ж. №10 шешімімен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ережеге және «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 13.10.2023 ж. №12 шешімімен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін ұйымдастыру қағидасына сай СКБ Қор сатып алатын тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға камералдық бақылауды жүзеге асырады. Атап айтқанда, бюджет орталығы Бөлімшелер болып табылатын сатып алулар бойынша 2025 жылы СКБ 4 қызметтік жазба жолдады.

СКБ ТЖҚ сатып алуларына камералдық бақылау жүргізу нәтижесінде анықталған бұзушылықтардың алдын алу шарасы ретінде 13.02.2025 ж. бюджет орталықтарына/филиалдарға 2023, 2024 жылдары және 2025 жылғы қаңтар-ақпан айларында анықталған бұзушылықтар тізбесімен ҚР заңнамасы талаптарының тиісінше орындалуын бақылауды күшейту және филиалдардың ТЕ жасау, әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін қарау үдерісіне және Қорда ТЖҚ сатып алудың басқа үдерістеріне жұмылдырылған бағынышты тұлғалармен тиісті оқыту жүргізу қажеттілігі туралы қызметтік жазба жолдады. Қосымша 03.03.2026 ж. СКБ басшыларға камералдық бақылау

нәтижелері бойынша СКБ анықтаған сатып алу рәсімдерінен туындайтын бұзушылықтарды, жауапкершілік шараларын, түзету/алдын алу және басқа қажетті шараларды есепке алу және бақылау қажеттілігі туралы қызметтік жазба жолдады. Осыған байланысты ұсыныс берілмейді.

Қордың Сатып алу қағидасының 112-тармағына сәйкес ОА және Филиалдардың электрондық сатып алу рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу үдерісіне бірыңғай және кешенді тәсілді қамтамасыз ету мақсатында ОА БО жылына кемінде 1 (бір) рет Филиалдарға электрондық сатып алу бейіні бойынша ТЖҚ бойынша біріздендірілген талаптар бойынша ұсынымдар береді, Филиал оларды басшылыққа алып ТЕ әзірлейді. Бұл норма 2023 жылы СЖТІС нәтижелері бойынша СКБ ұсынымына сәйкес енгізілді. Осы норманың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында 2024 жылы, 2025 жылы және 2026 жылы СКБ ағымдағы жылы филиалдар үшін сатып алу бейіні бойынша біріздендірілген талаптарды өзектендіру бойынша Қордың орталық аппаратының бөлімшелеріне сұраныстар жолдады. Бұл ретте 2026 жылы бірыңғай талаптарды әзірлеушілерге Қор филиалдарымен және Қордың Заң департаментімен келісу бойынша қосымша ұсыныс берілді.

СКБ сараптау аясында Қорда ТЖҚ сатып алу аясында 4 шағым қарады - сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

5) *«мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарын тексеру кезінде бұзушылықтарды анықтау деректерінің болуы», «жеткізушінің тауарды жеткізу, жұмыстар мен қызметтер көрсету шартынан туындайтын міндеттемелерді уақытылы және сапалы орындауы», «жеткізу шартының талаптарын тиісінше орындамаған жеткізушілерге қатысты ден қою шараларын уақытылы және толық қолдануы»* Әдістемелік ұсынымдарына сай сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары бойынша СКБ 2025 жылы жүргізілген «Қазақстан Республикасының жоғары аудиторлық палатасы» ММ қоса алғанда, мемлекеттік органдардың 5 тексеруінің материалдары мен нәтижелерін қарады – сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ;

6) *«сатып алатын тауарлар мен қызметтер саны мен көлемінің олардың нақты қажеттілігіне (табиғи нормаларға) сәйкес келмеуі»* сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторы бойынша Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес – сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ;

7) *«банктердің ағымдағы шоттарында уақытша бос ақша қаражатын орналастыру тәртібіне, мониторинг жүргізу, бақылаудың тиісті шараларына және уәкілетті тұлғалардың дербес жауапкершілігіне регламент белгілейтін бекітілген құжаттың болмауы»* сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторы бойынша Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес СКБ 25.04.24ж. Қордың ІНҚ-сына ағымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама аясында Инвестициялық портфельді сараптау басқармасына (бұдан әрі – ИПСБ) «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ меншікті активтерін басқару қызметін жүзеге асыру регламентінің жобасында уақытша бос ақша қаражатын орналастыру тәртібіне регламент белгілеу бойынша ұсыныспен қызметтік жазба жолданды – қажетті нормалар «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 29.05.2024 ж. №42 хаттамасымен бекітілген көрсетілген регламентте, сондай-ақ 16.03.2026 ж. СКБ ұсынған оған өзгерістер жобасында көзделген;

СКБ қосымша 18.02.2026 ж. ИПСБ-ға «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ инвестициялық стратегиясында және «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының меншікті активтерін инвестициялау саясатында ақша қаражатының қалдықтары бойынша норманы баяндауға ұсынымдар жолдады.

8) 2017 жылғы 28 наурыздағы «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының меншікті активтерін сенімгерлік басқару шартына сәйкес меншікті активтер ҚР Ұлттық Банкінің (сенімгерлік басқарушы) сенімгерлік басқаруына берілді және 29.12.2023 жылдан бастап Шартты бұзу туралы хабарламаға қатысты 01.12.2023 ж. №05-4-02/656 ҚРҰБ хатына сәйкес осы Шарт бұзылғанға дейін болды.

Қордың Директорлар кеңесінің 08.01.2024 ж. №1 шешімімен:

- Меншікті активтер есебінен сатып алу рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін, инвестициялау лимиттерін, меншікті активтерге қатысты инвестициялық қызметтің талаптары мен шектеулерін айқындауға арналған Қордың инвестициялық стратегиясы;

- Қордың меншікті активтерін инвестициялау мақсаттарын, бағыттарын, инвестициялау объектілерінің тізбесін, БЖЗҚ меншікті активтеріне қатысты инвестициялық қызметтің талаптары мен шектеулерін, БЖЗҚ меншікті активтерін хеджирлеу және әртараптандыру талаптарын айқындайтын «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының меншікті активтерін инвестициялау саясатына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 29.05.2024 ж. №42 хаттамасымен «БЖЗҚ» АҚ меншікті активтерін басқару қызметін жүзеге асыру регламенті бекітілді, ол Қордың меншікті активтерін (инвестициялық портфелін) өз бетінше басқару және/немесе Қордың меншікті активтерін (инвестициялық портфелін) сенімгерлік басқару бойынша Қор қызметінің талаптары мен тәртібін, сондай-ақ Қордың уәкілетті органдары мен құрылымдық бөлімшелерінің өзара қарым-қатынас тәртібін және Қордың меншікті активтерін басқару қызметін жүзеге асыру барысында Қордың құқықтары мен міндеттерін белгілейтін талаптарды айқындайды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасау:

Шарттарды жасау тәртібі *Басқарманың 10.06.2020 ж. №43 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да азаматтық-құқықтық шарттарды/келісімдерді әзірлеу, келісу, қол қою, тіркеу, бұзу және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру нұсқаулығымен* көзделген, оған сәйкес бюджет орталықтары Қор жасайтын азаматтық-құқықтық шарттарды/келісімдерді әзірлеу кезінде және келісуге жіберілгенге дейін оларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені енгізуге міндетті (Басқарманың 13.12.2023 ж. №92 хаттамасымен бекітілген толықтырулар редакциясында). СКБ Бөлімшелер ұсынған 181 шартты қарады, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Ағымдағы СТИС кезінде мыналар анықталды. Жеткізушіге айыппұл санкцияларын қолдану және 1 шарт бойынша қызмет көрсетуді ұзарту кезінде дискрециялық тәсіл байқалады.

Осыған орай контрагенттер Қормен жасалатын шарттар бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдерін кешіктірген жағдайда, айыппұл санкцияларын өндіріп алуды қамтамасыз етуді, сондай-ақ құқықтық тәуекел мен олқылықты жоюды қоса алғанда, талап қою жұмысы үдерісін жетілдіру мақсатында төмендегілер ұсынылады:

1) Цифрлық трансформация департаменті (ЦТД) жұмылдырылған қызметкерлермен контрагент Қор жасайтын шарттар бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдерін кешіктірген жағдайда, ақпаратты және материалдарды ИДҚД-ға дереу беру қажеттілігі туралы оқыту жүргізісін;

2) ИДҚД жұмылдырылған қызметкерлермен Қор жасайтын шарттар бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдерін кешіктіруге жол берген контрагенттерге шағымдарды уақытылы дайындау және жіберу, сондай-ақ барлық талаптарды Заң департаментімен келісу қажеттілігі туралы оқыту жүргізісін;

3) Заң департаменті Орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен «БЖЗҚ» АҚ-да талап-арыз жұмысын жүзеге асыру қағидасындағы негізгі ережелер мен мерзімдердің орындалуына қатысты оқыту жүргізісін;

4) «БЖЗҚ» АҚ-да азаматтық-құқықтық шарттарды/келісімдерді әзірлеу, келісу, қол қою, тіркеу мен бұзу және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру нұсқаулығына БО мен мүдделі бөлімшелердің Қор жасайтын шарттар бойынша контрагенттердің міндеттемелерді орындауын бақылау мәселелерінде өзара іс-қимылы мен жауапкершілігін көздейтін өзгерістер/толықтыру енгізілсін.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану:

СКБ Бөлімшелер пайдаланатын және Қор сатып алған ақпараттық жүйелерді қарастырды.

«Жобаны қосарланған қаржыландыру», «IT-саланың дамуына әсер етпейтін жобаларды қаржыландыру», «қызметтер құнының негізділігін тексеру тетігінің болмауы, нарықта IT-

өнімнің түпкілікті құнын жасанды түрде көтеруге ықпал ететін осындай әзірлемелердің болуы», «зияткерлік меншік нысаны ретінде тікелей шарт жасау арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу арқылы сатып алу», «әлеуетті жеткізушілер ретінде конкурсқа үлестес ұйымдар қатысқан кездегі жасанды бәсекелестік», «ақпараттық жүйелердің ашық болмауы», «талап етілмеген ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалануға берілмеген ақпараттық жүйелерді пайдалану», «ақпараттық жүйелер аудитінің болмауы» индикаторлары бойынша тәуекелдер анықталған жоқ.

9. Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын басқа мәселелер:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастыру: Қордың Директорлар кеңесінің 28.10.2022 ж. №10 шешімімен Қорда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімше болып табылатын СКБ құрылды.

Қордың Директорлар кеңесінің 26.12.2022 жылғы № 14 шешімімен 2023 жылға «БЖЗҚ» АҚ-да сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді; Директорлар кеңесінің 11.12.2023 ж. №15 шешімімен 2024 жылға «БЖЗҚ» АҚ-да сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді, Қордың Директорлар кеңесінің 09.12.2024 жылғы № 20 шешімімен 2025 жылға «БЖЗҚ» АҚ-да сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді, Қордың Директорлар кеңесінің 18.12.2025 жылғы №15 шешімімен 2026 жылға «БЖЗҚ» АҚ-да сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді. 2022, 2023, 2024, 2025 жылдары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізілген іс-шаралар бойынша есептер Қордың Директорлар кеңесіне уақытылы жіберілді және Қордың интернет-ресурсының арнайы бөлімінде орналастырылды.

2023, 2024, 2025 жылдары СКБ Қордың Басқарма Төрағасының 15.02.2023 ж. №168, 15.01.2024ж. №46, 10.01.2025ж. №18 бұйрықтары негізінде 2022, 2023, 2024 жылғы «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелері мен филиалдарының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі сараптау жүргізді, сараптамалық анықтамаларға қол қойылды, «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелерінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша іс-шаралар жоспарлары, олардың орындалуы туралы ақпарат дайындалып, Қордың интернет-ресурсының арнайы бөлімінде уақытыды орналастырылды.

2024, 2025 жылдары СКБ тұрақты түрде Уәкілетті тұлғалармен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті көтеру бойынша оқыту жүргізді. 2024, 2025 жылдардың екінші тоқсанында «БЖЗҚ» АҚ-да «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы және ИНҚ» тақырыбында қызметкерлерді қашықтықтан оқытуды ұйымдастырылды және өткізілді.

Уәкілетті тұлғалар Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 12-бабында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісімге қол қойып, Қорға ұсынды; Бөлімшелерде жұмыс істейтін Уәкілетті тұлғалардың жаңартылған («Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚРЗ-ға құмар ойындарына және (немесе) ойын мекемелерінде бәс тігуге қатысу бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер бөлігінде толықтырулар¹ енгізілуіне байланысты) келісімдерінің болуын СКБ тексерді; сондай-ақ Уәкілетті тұлғалардан заңды тұлғаларға қатысудың, кәсіпкерлік қызметті, еңбек қызметін жүзеге асырудың болуын / болмауын растайтын Еgov сайтынан / ұялы қосымшасынан скриншоттар сұралды және тексерілді – бұл бөлімде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау деректері анықталған жоқ.

Бөлімшелер қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту деректері анықталған жоқ.

¹ толықтырулар Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 8 шілдедегі № 116-VIII ҚРЗ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі, лотерея қызметі, денсаулық сақтау, мемлекеттік еңбек инспекциясы, мемлекеттік бақылау және артық заңнамалық регламенттеуді болдырмау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңымен енгізілді

СКБ Бөлімшелерде жұмыс істейтін Уәкілетті тұлғалардың және олардың жұбайларының активтері мен міндеттемелері/табысы мен мүлкі туралы декларацияны тапсырғаны туралы хабарламаларды сұрады және тексерді, бұл бөлікте қаржылық бақылау шараларын сақтамау деректері **анықталған жоқ**.

Қордың интернет-ресурсында Қордың лауазымды тұлғалары, қызметкерлері дайындап жатқан, жасап жатқан немесе жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы ақпаратты беруге арналған байланыс арналары мен құралдары туралы ақпарат баяндалған. Сонымен қатар, аталған ақпарат Қор филиалдарының кеңселеріндегі ақпараттық стендтерде орналастырылған.

Сыбайлас жемқорлық деректері туралы хабарлаған тұлғаларды заңсыз жазалаудан, жұмыстан шығарудан немесе қысым көрсетудің басқа шараларынан қорғаудың құқықтық тетіктері «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 13.10.2023 ж. №12 шешімімен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін ұйымдастыру қағидасында және Директорлар кеңесінің 09.08.2023 ж. №9 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл нұсқаулығында көзделген.

2025 жылы аталған байланыс арналары бойынша Қордың лауазымды тұлғалары, қызметкерлері жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы расталған хабарламалар түскен жоқ; жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде БАҚ-та Қор қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық сипатындағы заңсыз әрекеттер туралы шағымдар **анықталған жоқ**.

10. Қызмет ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету: www.enpf.kz интернет-ресурсына Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңының 16-бабы 8-тармағының талаптарына, Директорлар кеңесінің 17.07.2019 ж. №5 шешімімен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да ақпарат ашу қағидасының ережелеріне және «БЖЗҚ» АҚ сыртқы және ішкі есептілігінің тізбелеріне сай барлық ақпарат орналастырылады.

